


АИҚЫН

# ҚҰДДЫС ҚАЛАСЫ ҚАҚ ЖАРЫЛЫП ТҰР



**Өткен 13 қазан күні БҰҰ-ның білім, ғылым мен мәдениет бойынша ұйымы ЮНЕСКО-ның атқарушы комитеті еврей халқының Иерусалимнің шығысындағы Қасиетті орындармен тарихи байланысын жоққа шығаратын резолюцияға дауыс бергізді.**

Құжатта еврейлердің қасиетті қалаға таласу құқының жоқтығы, керісінше исламның Иерусалиммен (Құддыспен) айрықша тығыз байланыстылығы айтылған. Резолюцияны Ресей, Қытай, Иран, Алжир, Бангладеш, Марокко, Оман, Ливан, Катар, Мысыр, Тунис қатарлы отызға жуық елдер қолдады. Алты ел: АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Нидерланды, Чехия мен Эстония қарсы дауыс берді. Қалған 25 ел қалыс қалды.

Еврейлердің айтуынша, өздері үшін Иерусалим қаласының қасиетті екендігіне көне кітаптар куәлік етеді. Бұл қала ондаған ғасыр бойы өздерінің басты рухани орталығы болған. Оған айғақ ретінде археологиялық қазбаларды алға тартуға болады дейді иуда дінінің өкілдері. Бұған қарсы палестиналықтар мен өзге де араб елдерінің өкілдері еврейлерді басып алушы держава ретінде қарастырып, қасиетті орындарды қазып, бүлдіруін қояр емес деп айыптады. Израильдің премьер-министрі Биньямин Нетаньяху, «Израильдің Иерусалиммен байланысы жоқ деу – бұл Қытайдың Ұлы Қытай қорғанымен, Мысырдың – пирамидалармен ешқандай байланысы жоқ деумен бірдей» деп мәлімдеді. Сондай-ақ Ресейдің бас раввині Берл Лазер де ЮНЕСКО-ның резолюциясын «күллі еврей халқының сенім-нанымын аяққа таптау» деп қатаң айыптады. Еврейлердің Иерусалиммен тарихи байланысы 18 қазан күні ЮНЕСКО-ның Париждегі штаб-пәтерінде Мексиканың талап-тілегі бойынша қайта талқыланған. Себебі, одан бес күн бұрын Мексика мен Франция дау тудырған резолюцияны қолдаған болатын, артынан Мехико билігі өз көзқарасынан айнып шыққан. Дегенмен соңғы талқылауда Мексика мен Бразилия Иерусалимге байланысты резолюцияның кейбір баптарымен келіспейтінін білдірген. Қайта дауыс беру болған жоқ. Сондықтан еврейлердің қасиетті қалаға таласу құқының жоқтығын айғақтайтын резолюция өз күшінде қалды.

Осылайша еврейлердің Иерусалимді үш мың жыл бұрын тұрғыза бастағанын ЮНЕСКО жоққа шығарды.

Бұл мәселеге кеңірек тоқталсақ, соңғы мың жылда басты тарихи тартыс иудейлер мен масондардың Иерусалимде ежелгі еврей храмын қалпына келтіруіне байланысты өрбіп отырғаны жасырын емес. Иудейлер де мұны ешқашан бүгіп қалған емес, себебі бұл жай Тәуратта айтылған дейді. Ал иудейлердің храм салатын орнында ислам әлемінің көздің қос қарашығындай қасиеттісі— Омар мешіті мен әл-Ақса орналасқан. Оларды бұзбай, орнына храм тұрғызу мүмкін емес. Сондықтан да барлық әлемдік саясат осы проблемаға байланып тұр деуге әбден болады. Ал иудей мен масондар ислам әлемімен жаһандық соғыс жүргізу арқылы ғана мешіттерді бұзуға және Таяу Шығысты арабтардан тазартуға болатынын жақсы білсе керек. Мұны барлық Еуропа елдері, мүмкіндігінше Ресей мен Қытай қолдамай, жүзеге асыру мүмкін емес. Ал Ресей мен Қытай, жоғарыда айтып кеткеніміздей, еврей халқының Иерусалимнің шығысындағы қасиетті орындармен тарихи байланысын жоққа шығаратын резолюцияны қолдағаны белгілі. Сионистердің әл-Ақса мешіті маңында кең көлемде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп жатқаны қазір әлемге белгілі. Эскваторлар құпия сырға толы жартасты барынша үңгі түсуде. Әлем мұсылмандары дабыл қағуда. Түрлі әлемдік қауымдастық, ЮНЕСКО-да қазба жұмыстарына қарсылық білдіруде. Ал Израиль үкіметі палестиналық мұсылмандар мен христиандардың қарсылығына қарамастан, қазба жұмыстарын кейде жария, кейде құпия жалғастыра түсуде. Жалпы, жер астын қазудың басталғанына қырық жылдан асты деуге болады. Қазір қасиетті Омар мешіті мен әл-Ақсаның жүрегіне таяп келеді. Иудейлердің айтуынша, әл-Ақсаның тұрған орнында ертеде Дәуіт патшаның (пайғамбар) баласы Сүлеймен патшаның (бізше пайғамбар) біздің дәуірімізге дейінгі ІХ ғасырда салдырған храмы болған. Сүлеймен оны жындарға салдырған делінеді. Израильдік археологтар екінші храмның орнын дәл мешіт тұрған жерден тапқанын мәлімдеуде. Иудейлердің діни сенімдері бойынша, Сүлейменнің храмы қалай да қайта көтерілуі тиіс. Ал ол оңайлықпен бой көтере қоя ма? Израильдің бұрынғы премьер-министрі Ариэл Шаронның 2000 жылы әл-Ақса мешітінің жанына таяп келуінің өзінен көтеріліс туғаны белгілі. Ендеше, мешіт маңында келісімсіз қандай да бір құрылыс салуды көзге елестетудің өзі қиын. Бүгінде Ғибадат тауына апаратын жолдардың бәрінде аттылы полицейлер мен патрульдер қаптап тұрғаны, әл-Ақса мешітіне намаз уақытының өзінде 45 жастан төменгілерді жібермейтіні айтылады. Екі мың полицей ескі қалада кезекшілік міндетін атқарады екен.

Енді сәл тарихқа жүгінейік. Үш мыңжылдық шежіресі бар осы Иерусалимді (Құддыс) біздің дәуірімізге дейінгі 588 жылы Вавилон патшасы жаулап алып, бірінші храмды бұзғызып тастайды. Одан кейін біздің дәуірімізге дейінгі 538 жылы парсы патшасы Кир, кейін Ескендір Зұлқарнайын (Александр Македонский) осында салтанат құрады. Біздің дәуіріміздің 70-жылы римдіктер Иерусалимді біржола талқандап, храмды өртегеннен кейін еврейлердің қайтып екі мың жылға дейін өз мемлекеті болмайды. Бірінші дүниежүзілік соғыстан соң, Құддыс Осман империясының қол астынан шығып, Ұлыбританияға қарап қалды. 1948 жылы 14 мамыр күні Израиль мемлекеті құрылып, 1949 жылы Иерусалим елдің астанасы болып жарияланды. «Енді Таяу Шығыста ақыр заман болғанша соғыс бітпейді» деген екен Сталин сонда. 1948 жылы Израиль мемлекеті құрылғанмен, 19 жыл бойы Ескі қала мен Шығыс Иерусалим қаланың басқа бөлігінен кесіліп қалды. 1967 жылғы бір апталық соғыстан соң ғана Иерусалим біртұтас қалаға айналды. Ғибадат тауындағы мұсылман мешіттері, еврейлердің айтуынша, Сүлеймен патшаның бірінші храмы мен біздің дәуіріміздің 70-ші жылында римдіктер талқандаған екінші Иерусалим храмының дәл орнына салынған. Қазір тек ірі тастан берік етіп қаланған аса биік Батыс дуалы немесе Көз жасы қабырғасы (Стена плача) ғана сақталынып қалған аталған храм иудейлердің бүгінгі күндегі ең басты қасиетті орны саналады. Әлемдегі діндар ев-

рейлер мұнда жыл сайын үш рет зиярат етуге келеді. Қысқасы, еврейлер өздерінің өткенін, бүгінгісін, болашағын осы қабырғамен байланыстырып, иудейлердің қасиетті орны ретінде Ғибадат тауында Үшінші Иерусалим храмын жаңадан тұрғызғысы келеді. Бұл қасиетті орындар Израиль – Палестина шиеленісінің ең бір асқынған сырқаты. Сол себепті Иерусалимде жаңадан храм салу Үшінші дүниежүзілік соғысқа алып келуі әбден мүмкін. Қазір жүздеген миллион христиандардың қасиет тұтар киелі орындары да осы Иерусалимде орналасқан. Мәселен, Христостың (Иса пайғамбар) тұтқындалған жері, Рим прокуроры Понтий Пилаттың Исаны сотқа тартқан Антония мұнарасы, Исаны керіп қойған крест тұрған жер, Христостың денесі жерленген үңгір, қысқасы, қырыққа жуық ғимараттан тұратын алып кешен бар. Крест жорығы өзінің бастауын осы жерден алады. Мұсылмандар үшін қасиетті саналар үш мешіт бар. Оның бірі – Меккедегі әл-Харам (ішінде Қағба, Сафа-Мәруа, Зәмзәм суы бар). Екіншісі – Мәдинедегі Пайғамбар мешіті. Үшіншісі – Иерусалимдегі (Құддыс) мұсылмандар әл-Харам аш Шариф атайтын Ғибадат тауындағы әл-Ақса мен Куббат ас-Сахра (Жартастағы Күмбез) мешіттері. Бұл бірнеше бөліктен тұратын кешен жалпы түрде әл-Ақса мешіті аталады. Онда ешбір тіреусіз, Алла Тағаланың құдыретімен көкте қалқып тұрған көк тас бар. 638 жылы Пайғамбардың төрт серігінің бірі халифа Омар Мұхаммед пайғамбардың 621 жылы Алла Тағаланың құзырына осы жерден көтерілген құрметіне мешіт салуға бұйрық берген. Бір мезгілде 5 мың адам сиятын араб сәулет өнерінің осы үздік туындысы ғажайып келбетімен адамзатты күні бүгінге дейін таңғалдыруда. Палестиналық мұсылмандар әл-Ақса мешітінің орнында бұрын Иерусалим храмының болғанын жоққа шығарып, шарифат бойынша бұл жер Меккедегі Қағба мен Мәдинедегі Пайғамбар мешіті сынды қасиетті әрі жабық аймақ деп есептейді.

Мұхаммед пайғамбар әл-Ақса мешітінен жеті қат көкке көтеріліп, Алла Тағаламен сөйлескен, бес уақыт намаз осы түнде парыз етілген. Ысқақ пайғамбар мен оның баласы Жакып салған дейтін әл-Ақса мешіті Мұса мен Иса және олардың арасында өткен барша пайғамбарлардың құбыласы болған. Мұхаммед пайғамбар да Меккедегі құбыла (Қағба) парыз болғанға дейін 18 ай бойы осы Ақса мешітіне қарап намаз оқыған. Ақса деген сөз – ұзақ, алыс, бір шеттегі деген мағынаны білдіреді. Сол заманда Ақса мешіті Меккеге қарағанда алыс, керуен бір айда әрең барып қайтатын шеттегі ғибадатхана еді. Содан ол Ақса делініп кеткен.

Еврейлер табынатын Көз жасы ғибадатханасы (Стена Плача) әл-Ақса мешітінің бөлінбес бір қабырғасы ғана. Сондықтан да оны палестиналық мұсылмандар мен оларды жақтаушы елдер біртұтас әл-Ақса мешіті, мұсылмандардың қасиетті орны деп санайды. Келесі аптада АҚШ президенттігіне кандидат Дональд Трамп Иерусалимнің біртұтастығын қолдайтын митингте сөз сөйлейді делінуде. Демеушісі АҚШ-тағы Республикалық партия болғасын, Дональдтың ЮНЕСКО-ның шешіміне қарсы сөйлейтіні қазірден анық. Ал жарты ғасырдан астам уақыттан бері әлемнің бас ауруына айналған бұл мәселеге байланысты ЮНЕСКО-ның жоғарыдағы шешімі, қалай десек те, үлкен бетбұрыс, ол бұдан былай оң жолға бастағай деп тілейік.

Төреғали Тәшенов